

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,
ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 1860 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 қарашада № 4256 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қазандағы № 1134 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.10.2020 № 1134 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес, Түркістан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына;

2) ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Түркістан қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 785 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4117 тіркелген, 2017 жылғы 16 маусымда "Түркістан" газетінде және 2017 жылғы 15 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ғ.Рысбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	жергілікті бюджет есебінен орын саны
18704	18704

Түркістан қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 6 қарашадағы
№ 1860 қаулысына 2-қосымша

Ата-ана төлемақысының мөлшері

Барлығы :	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
	309,52	337,35

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.